



# ПРИОЗЁРСКИЙ

№ 50/590  
14 декабря 2018 года

## Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

### ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! С ДНЁМ НЕЗАВИСИМОСТИ!

#### ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді ұлық мереке – Қазақстан Тәуелсіздігінің 27 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз!

Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыз осы уақыт аралығында толағай табыстарға жетті. Мемлекетіміздің қарқынды дамуы тұрақты саясат пен ішкі бірліктің арқасы. Рухы биік, намысы берік бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл мұраты – азаттықты аялау, тағдыры ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау біздің басты мұратымыз. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз тиянақты болсын!

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болғай!

Ізгі тілекпен,

Қала әкімі Қ.Камзин  
Мәслихат хатшысы Б.Сәрсембеков

#### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА!

От всей души поздравляем Вас с великим праздником – 27-летием Независимости Казахстана!


За это время мирный народ достиг больших успехов. Динамичное развитие нашего государства - всё это стало возможным благодаря мудрой, стабильной политике и внутреннему единству!

Дух, честь вековая благородных предков, бережное отношение к нашей общей судьбе всего нашего народа, укрепление в целом идеала.

Желаем всем жителям города крепкого здоровья, благополучия, счастья, новых успехов во всех делах и начинаниях на благо нашей Родины – Республики Казахстан!

С Уважением,

Аким города К.Камзин  
Секретарь маслихата Б.Сәрсембеков



### 16 - ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ МЕРЕКЕСІ

#### ТӘУЕЛСІЗДІК

Ширек ғасыр – Тәуелсіздік келгелі,  
Есігіменен егемендік енгелі.  
Сан ғасырлар арман еткен бұл күнді,  
Әттең!.. әттең!..  
Бабаларым көрмеді

Тәубә делік!.. Жар болсыншы жаратқан,  
Тәуелсіздік шуақ-нұрын таратқан.  
Елтаңбамыз, Көк туымыз желбіреп,  
Әнұраным көкте қалқып баратқан.

Тәуелділік қозғалды да жартасы,  
Бодандықтың опырылды ортасы.

Елімізді бар әлемге танытқан,  
Көрегенді Елбасының арқасы.

Тәуелсіздік!.. Ақыннан жыр туады,  
Жанарымды қуаныш-жас жуады.  
Атомнан да бірінші боп бас тарттық,  
Төгіледі бейбіт Күннің шуағы.

Суландырдық қаталаған аралды,  
ЭКСПО-мыз бар ғаламға таралды.

Кер заманда босып кеткен қандастар,  
Туған жердің құшағына оралды.

Бізді бүгін жалпақ әлем қостаған,  
Соны көріп масаттанам, хош болам.  
Бейбіт елдің бойтұмары секілді,  
Сарыарқадан бой көтерді Астанам.

Бабалардың орындалды арманы,  
Қазақ елі даңғыл жолын таңдады.  
Қара жердің қойнын емген қазағым,

Үш арысым ғарышқа да самғады.

Тәуелсізбіз!..Қызмет бар, тірлік бар,  
Тамсанады бізге сонау құрылықтар.  
Менің бүгін мақтануға қақым бар,  
Ең бастысы – татулық бар, бірлік бар.

Ширек ғасыр – аз ба, көп пе?..  
Білмедім...

Жүзім жарқын, бейбіт-шуақ күндерім.  
Замандамыз мамыражай, елі бай,  
Мәңгілік ел – өз Отаным бұл менің!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

### ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БАСТАУЫ

Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн. Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі 27 жыл. Жиырма жеті жыл ішінде Қазақстан өз алдына дербес зайырлы ел болды.

16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай 12 жел-тоқсан күні №2 жалпы орта білім беретін мектебінде 4 сынып оқушыларының қатысуымен «Желтоқсан – тәуелсіздіктің бастауы» атты тәрбие сағаты өтті.

Ондағы мақсат оқушыларға Тәуелсіздік туралы терең мағлұмат беру. Ата-бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүюге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу. Еліміздің тәуелсіздігін атап өту қарсаңында ел тарихына шолу жасау. Тәуелсіз елі-



#### Тәрбие сағаты

міздің жетістіктерімен таныстырып, білгендерін терендету.

Тәрбие сағаты барысында оқушылар «Егемендік деген не?» көрінісін көрсетіп, патриоттық мәнерлі өлеңдер оқып, жез таңдай әншілеріміз ән айтты және мың бұралған бишілер би биледі. Тәуелсіздіктің түп – тамыры Желтоқсан оқиғасына тікелей байланысты екеніні мәлім. Осыған орай «Желтоқсан құрбандарын» еске ала отырып, сол кездегі жазықсыз кеткен тұлғаларымыздың өміріне бір шолу жасай отырып, «Желтоқсан желі» әні шырқалды. Тәрбие сағаты терең мағына болып, оқушылардың ойында өлшесіз із қалдырды деген ойдамын. Еліміздің мәртебесі биіктеп, әлемге шарықтай берсін!

Д. Макажанова,  
№ 2 ЖОБЕМ бастауыш сынып мұғалімі



## ЖАЛАҚЫНЫ КӨТЕРУ БАҚЫЛАНАДЫ

Елбасы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны бір жарым есеге, яғни, 28 мың теңгеден 42 мың теңгеге дейін көтеруді тапсырғандығы бәрімізге белгілі.

Осыған орай, бүгінде облыста жалақыны арттыру бойынша жол картасы бекітілді. Ондағы іс-шаралар жоспарына сәйкес тізімдегі кәсіпорындарға мониторинг жүргізу арқылы ең төменгі санаттағы жұмыскерлердің еңбекақысын көтеруге байланысты ұжымдық шарттарға, жұмыс берушілердің актілеріне және еңбек шарттарына өзгерістер енгізу, жұмыс берушілерге ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды. Сонымен қатар, жұмысшылардың жалақысын көтеру жөнінде өкімдік, өңірлік кәсіпкерлер палатасы, аумақтық кәсіподақтар бірлестігі және ірі кәсіпорындар арасында меморандумға қол қою жоспарлануда.

Тапсырманы іске асыру мақсатында, «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлжуәттік бағдарламалар бөлімі» ММ ұйымдастыруымен Приозерск қаласы бойынша жұмыс беруші ірі, орта және шағын кәсіпорындар арасында жалақыны көтеру мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары және кәсіподақтар арасында меморандумдарға қол қою жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Мұндай шешім қала тұрғындарының тұрмысына жағымды әсер ететіні сөзсіз.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының



нәтижесі ретінде, қазіргі уақытқа дейін қала бойынша 1 орта, 55 шағын кәсіпорындармен және 210 жеке кәсіпкерлер арасында меморандумға қол қойылды.

Аталған шара әліде жалғасуда.

**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлжуәттік бағдарламалар бөлімі» ММ**

### Государственный аудит

## О КОНТРОЛЬНЫХ МЕРОПРИЯТИЯХ ПО ГОСУДАРСТВЕННЫМ ЗАКУПКАМ

Согласно Закону Республики Казахстан от 12 ноября 2015 года «О государственном аудите и финансовом контроле» уполномоченным органом по внутреннему государственному аудиту за соблюдением законодательства о государственных закупках по Карагандинской области является Департамент внутреннего государственного аудита по Карагандинской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан. Определен порядок проведения камерального контроля, целью которого является своевременное пресечение и недопущение нарушений, предоставление объекту государственного аудита права самостоятельного устранения нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, и снижение административной нагрузки на объекты государственного аудита (Правилами проведения камерального контроля, утвержденными приказом Министра финансов Республики Казахстан от 30 ноября 2015 года № 598).

При проведении контрольных мероприятий Департаментом выявляются нарушения при разработке конкурсной документации.

Так, Заказчиками/организаторами государственных закупок устанавливаются невыполнимые условия конкурсной документации, нарушающие принцип правового регулирования государственных закупок, — принцип предоставления потенциальным поставщикам равных возможностей для участия в процедуре проведения государственных закупок.

Один из примеров, в нарушение законодательства о государственных закупках заказчики/организаторы предусматривают неразумные сроки исполнения договорных обязательств по поставке товаров, выполнению работ, оказанию услуг менее чем 15 календарных дней, тем самым ограничивая круг участников государственных закупок. Таким образом заявка на участие представляется и признается победителем

поставщик, заранее подготовленный для данных закупок, готовый исполнить договор на условиях, предусмотренных в конкурсной документации.

Также, в конкурсной документации, вопреки запретам устанавливаются условия государственных закупок, влекущие за собой ограничение количества потенциальных поставщиков, с указанием на товарные знаки, знаки обслуживания, фирменные наименования, патенты, полезные модели, промышленные образцы, наименование места происхождения товара и производителя, а также иных характеристик, определяющих принадлежность приобретаемого товара, работы, услуги отдельному поставщику.

В результате выявленных нарушений Департаментом направляется объектам государственного аудита уведомление об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, о внесении изменений в конкурсную документацию.

Хочется отметить, что с введением мероприятий по камеральному контролю и принятием незамедлительных мер реагирования уполномоченного органа, снизились факты нарушений, допускаемых заказчиками/организаторами по государственным закупкам, так как периодическое допущение нарушений приводит к несвоевременному освоению денежных средств, а неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходов операций по кодам и счетам объектов государственного аудита, открытых в органах казначейства, банковским счетам (за исключением корреспондентских) объектов государственного аудита, а также административную ответственность должностных лиц в соответствии с законодательством Республики Казахстан об административных правонарушениях.

**Департамент внутреннего государственного аудита по Карагандинской области**

## ЭЛЕКТРОННЫЕ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ УСЛУГИ - ДОСТУПНОСТЬ, КАЧЕСТВО ЖИЗНИ

Сегодня – эпоха информационных технологий, когда каждому человеку доступны социальные сети Интернет и возможность получения информации в любое время в любой точке мира. Социальные программы нашего государства, к которым относятся помощь наиболее уязвимым слоям населения: инвалидам, безработным, пенсионерам – также оказываются в электронном виде.

«Электронное правительство» – спектр широких возможностей.

Также развитие формы оказания услуг стало возможным благодаря созданию интернет – ресурса «Электронное правительство» ([www.egov.kz](http://www.egov.kz)), который позволяет быстро и эффективно получать необходимую информацию в онлайн-режиме, а также подавать заявления на получение государственных услуг. Все это направлено на экономии времени получателей пособий, удобства исключения необходимости ожидания в очереди и сокращение времени на сбор документов.

Перечень предоставляемых государственных услуг ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»:

- 1) «Назначение социальной помощи отдельным категориям нуждающихся граждан по решениям местных представительных органов»;
- 2) «Возмещение затрат на обучение на дому детей-инвалидов»;
- 3) «Оформление документов на инвалидов для предоставления услуги индивидуального помощника для инвалидов первой группы, имеющих затруднение в передвижении, и специалиста жестового языка для инвалидов по слуху»;
- 4) «Предоставление инвалидам кресла-коляска»;
- 5) «Назначение жилищной помощи»;
- 6) «Назначение государственной адресной социальной помощи»;
- 7) «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в медико-социальных учреждениях (организациях)»;
- 8) «Оформление документов на инвалидов для предоставления им протезно-ортопедической помощи»;
- 9) «Обеспечение инвалидов санаторно-курортным лечением»;
- 10) «Регистрация граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне, выплата единовременной государственной денежной компенсации, выдача удостоверений»;
- 11) «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в условиях ухода на дому»;
- 12) «Обеспечение инвалидов сурдо-тифло-техническими и обязательными гигиеническими средствами»;
- 13) «Регистрация лиц, ищущих работу»;
- 14) «Регистрация лиц, ищущих работу, в качестве безработного»;
- 15) «Выдача направлений лицам на участие в активных мерах содействия занятости».

16) «Выдача справки, подтверждающей принадлежность заявителя (семьи) к получателям адресной социальной помощи».

Через веб-портал «Электронного правительства» осуществляется прием заявлений и выдача результатов оказания таких государственных услуг, как:

- 1) «Возмещение затрат на обучение на дому детей-инвалидов»;
  - 1) «Назначение социальной помощи отдельным категориям нуждающихся граждан по решениям местных представительных органов»;
  - 4) «Назначение жилищной помощи»;
  - 3) «Выдача справки, подтверждающей принадлежность заявителя (семьи) к получателям адресной социальной помощи».
  - 13) «Регистрация лиц, ищущих работу»;
  - 15) «Выдача направлений лицам на участие в активных мерах содействия занятости».
- Через некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация "Правительство для граждан" (далее – Государственная корпорация) оказывается такие государственные услуги, как:
- 1) «Возмещение затрат на обучение на дому детей-инвалидов»;
  - 2) «Оформление документов на инвалидов для предоставления им услуги индивидуального помощника для инвалидов первой группы, имеющих затруднение в передвижении, и специалиста жестового языка для инвалидов по слуху»;

3) «Предоставление инвалидам кресла-коляска»;

4) «Назначение жилищной помощи»;

5) «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в медико-социальных учреждениях (организациях)»;

6) «Оформление документов на инвалидов для предоставления им протезно-ортопедической помощи»;

7) «Обеспечение инвалидов санаторно-курортным лечением»;

8) «Регистрация граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне, выплата единовременной государственной денежной компенсации, выдача удостоверений»;

9) «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в условиях ухода на дому»;

10) «Обеспечение инвалидов сурдо-тифло-техническими и обязательными гигиеническими средствами»;

11) «Выдача справки, подтверждающей принадлежность заявителя (семьи) к получателям адресной социальной помощи».

Через отделам занятости и социальных программ предоставляется такие государственные услуги, как:

1) «Оформление документов на инвалидов для предоставления им услуги индивидуального помощника для инвалидов первой группы, имеющих затруднение в передвижении, и специалиста жестового языка для инвалидов по слуху»;

2) «Предоставление инвалидам кресла-коляска»;

3) «Назначение жилищной помощи»;

4) «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в медико-социальных учреждениях (организациях)»;

5) «Оформление документов на инвалидов для предоставления им протезно-ортопедической помощи»;

6) «Обеспечение инвалидов санаторно-курортным лечением»;

7) «Регистрация граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне, выплата единовременной государственной денежной компенсации, выдача удостоверений»;

8) «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в условиях ухода на дому»;

9) «Обеспечение инвалидов сурдо-тифло-техническими и обязательными гигиеническими средствами»;

10) «Назначение социальной помощи отдельным категориям нуждающихся граждан

### «Автоматизация процессов оказания государственных услуг – гарантия минимизации коррупции»



по решениям местных представительных органов».

Через центрам занятости предоставляется такие государственные услуги, как:

- 1) «Регистрация лиц, ищущих работу»;
- 2) «Регистрация лиц, ищущих работу, в качестве безработного»;
- 3) «Выдача направлений лицам на участие в активных мерах содействия занятости»;
- 6) «Назначение государственной адресной социальной помощи».

**ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»**



# БАҚЫТЫ БАЯНДЫ БАҚТЫГҮЛ

Жаныңда жүр жақсы адам!

Ана – кімнің де болса өміріндегі ең жақын адам. Анасы бар адамдар – өмірдегі ең бақытты жандар. «Анасы бар адамдар, ешқашан қартаймайды» деген сөздің мәнін терең ұғына білген жан ананың қадір-құрметін тереңірек сезінеді. Анаң бар кезде, қай жаста болсаң да анаң үшін сәби болып қала береді екенсің... Кез-келген адамның жан дүниесі алдымен ана жүрегінің жылуынан басталмай ма?! Бойымыздағы жақсы қасиеттер де алдымен анамыздың ыстық құшағынан, жұмсақ аялы алақанынан таралмай ма?! Өмірде ана алақанының жылуы мен әкенің мейірімін тоя жеген тамақ та, шипасы күшті дәрі де алмастыра алмайды емес пе?!

«Ана» үш әріптен құралған киелі де қастерлі сөз. Әркімнің де анасы бар. Сол аналарды құрмет тұтып, қастерлеу біздің борышымыз. Ана түн ұйқысын төрт бөліп бөбегін әлпештеп өсіреді. Бақпа балалардан кем болмасын деп перзентінің алдына барын тосады. Әрбір бала аналарының қадірін білуі керек. Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды. Ана бір қолымен бесікті тербетсе, енді бір қолымен әлемді тербетеді. «Алып анадан туады, ат биенен туады» демекші, біздің елбасымыз да, елге белгілі әншілеріміз де, жұдырығы күрзідей палуандарымыз да, қайтпас қайсар спортшыларымыз да анадан жаралған. Бұл айтылған тұлғалардың барлығы дерлік қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген аналарының арқасында осындай дәрежеге жетіп отыр. Аналарының қолдау болмағанда олар бұндай болар ма еді? Ана алдындағы борыш ананды Меккеге үш рет аркалап апарсаң да өтелмес, деген осы. Иә, осыған орай бүгінгі әңгімелейтін тақырыбымыз да ең әуелі – ана, сосын – әже, қала берді зейнетке шығып жатқан мықты маман туралы болмақ, ойы орамды, қиялы қарымды оқырман...

Мақаламыздың басты кейіпкері Бақтыгүл Нұрқожақызы Ізтілеуова – Өзбекстан Республикасы, Бухара облысының Гази қаласында туып-өскен. Отбасындағы үш қыз бір ұл – төрт баланың үшіншісі болғандықтан, алдындағыларға қарап, қыз бала бол-

ғасын анасының тәрбиесін алып жетілді. Небәрі 59 жасында дүниеден өткен марқұм анасы Ұлыш Ізенқызы балаларының жақсы адам болып қатарға қосылуы үшін барын салатын. Әкесі Нұрқожа Ізтілеуұлы қарапайым күзетшілік қызмет атқарып, асқар таудай таяшып, қиналғанда сүйеніші бола білді. Мектепте үздік оқыған Бақтыгүл 1977-жылы орта мектепті тәмамдаған соң Ташкент шаһарына қарай арманын алға қойып, мақсатын қару етіп сапар шеккен. Республиканың астанасындағы техникумның заңгерлер дайындайтын бөліміне оқуға түсті. Туысынан зерек, өзіне талап қоя білетін, қатарының алды болуға тырысатын жас қыз үшін техникумда оқу аса қиын бола қоймады. Сабактан қалмай, мамандығының сырын терең ұғынуға, көбірек білуге ұмтылған ол 1980-жылы оқу орнын жақсы деген бағалармен бітіріп шықты. Сол кездегі оқу орнының талабы бойынша, дипломын қолына алған Бақтыгүл Нұрқожақызы Бухара қаласындағы жіп иіру фабрикасына жолдамамен жіберген еді. Мұнда заңгер-кенесші ретінде қызметке орналасып, 1982-жылға дейін алғашқы еңбек жолының басқыштарынан өтті және тәжірибесін нығайтты, сенімін шыңдады. 1982-1990-жылдардың аралығы Бақыттың өміріндегі маңызды, есте қалатын, бақытына қарай қадам қойған кезең болғаны анық. Жүрегі қалап, ұнатқан жігіті Нұрадинге тұрмысқа шығып, ана атанды Лауазымды қызметтер атқара жүріп, қоғамның назарына ілікті. Абыройы асқақтап, беделі өсті. Осы жылдары ол Гази қаласындағы Гази қалалық атқару комитетіне қарасты мемлекеттік мекемелер - Азаматтық хал актілерін жазу бөлімінің меңгерушісі, әскери-тіркеу столының бастығы лауазымды қызметтерін атқарды.

Тоқсаныншы жылдардың соңы аумалы-төкпелі, КСРО мемлекетінің тозып, тоқырауға ұшыраған дәуірі болғаны біздің замандарымыздың есінен шықпайтыны рас. Қоғамдағы дағдарыс, қымбатшылық, әлеуметтік ахуалдың нашарлауы – бұның бәрі сол кездегі адамдардың шыдамын тауысып,

ойлануға, болашағын болжамдауға итермелеген болатын. Осынау алмағайып кезде Жаманбаевтар отбасы ағайын-туыс, жақын-жекжаттарымен ойласа келе, тарихи Отаны болған Қазақстанға көшуді шешкен. Сөйтіп 1990-жылы олар Жамбыл облысының Луговой ауданына қоныс аударады. Арадан жыл өткенде Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, елінің егемендігін олар да қазастандықтар ретінде қуана тойлады. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдары елдің қиын-қыстау кезінде бастан кешкені жадымызда. Елдегі жұмыссыздық, жетіспеушілік пен қымбатшылық, жалақы төденбеу секілді түйткілді мәселелер бұлардың шаңырағын да аттап өтпеген. Сондықтан бұлар кеңесе келе сол кездегі Жезқазған облысының Приозерск қаласына ат басын тіреген еді. Мұнда келісімен «СПМК-3ж» құрылыс-жөндеу мекемесіне кадрлар бөлімінің инспекторы болып қызметке орналасып, алдарынан жаңа өмірдің парағы ашылды. 1998-1999-жылдар аралығында Приозерск қалалық жұмыспен қамту орталығында инспектор болып жұмыс істеді. Жаңа қоныс оның отбасына соны серпіліс әкелді. Балаларының алды жетіліп, азамат қатарына қосылды. Бұл жылдары еліміз дамудың жаңа кезеңіне өте бастаған уақыт еді. Орнықты өміріне көңілі көншіп, қаланың дамуына, көркейіп, гүлденуіне өзінің үлесін қосты. 2000-жылдан бастап «Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде кадр мәселелері бойынша бас маман қызметін атқара жүріп, үстіміздегі жылдың соңына қарай құрметті зейнеткерлікке шықты. Қилы заманның қиындықтарынан қажымай-талмай өткен Бақтыгүл Ізтілеуқызының ендігі жерде еңбегінің зейнетін көруге, тынығып-демалуға, әжелік дәуірінің қызығын көруге толық қақысы бар еді.

Қаламызға танымал азамат Нұрадин Есірке-генұлы Жаманбаевпен бас қосқан және өнегелі өмірлерін бірге, қол ұстасып өткізіп келе жатқан кейіпкеріміз екі ұл мен бір қызды өсіріп, жетілдірген шаңырақ иелері. Екі баланың әкесі атанған Аманжолдары



бүгінде қаладағы әскери полицияда қызмет етеді. Бір түйір қызғалдақ қыздары Әселдің төрт балапандары бар. Ол балабақшада тәрбиеші. Кенже ұлдары Тынышбек қалалық арнаулы күзет бөлімінде қызмет етіп жүр. Үш перзенттерінен жеті немере сүйген Бақтыгүлдің бүгінде баянды дәуірінің дариясын кешіп жүргеніне шүбәміз жоқ. Аналық міндетімен қатар маман ретіндегі қызметін де абыроймен атқара білген оның осы кезеңде алған алғыс хаттары мен құрмет грамоталары жетіп артылады. Осының бәрі айналып келгенде Бақтыгүл Ізтілеуқызының өз өмірін босқа өткізбегенінің, бала күнгі арман-мақсатының орындалып, жүзеге асқанының белгісіндей. Ұзақ жылдар қоғамға қалтқысыз қызмет еткен оған алдағы әжелік хәм қариялық ғұмырда да елдің назарында, бақыттың биік базарында жүріп, ұзақ та, мағыналы өмір сүруді нәсіп етуін тілейміз біз де өз тарапымыздан!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.  
Суретте: Б.Ізтілеуова

## Дружба, единство, стабильность!

# НАМ ЕСТЬ, ЧЕМ ГОРДИТЬСЯ

Современный Казахстан мало напоминает страну, которая существовала в ее нынешних границах более 80 лет назад. Сейчас это независимая республика, признанная международным сообществом, строящая амбициозные планы как в экономической, так и социальной сфере. В грозные же предвоенные годы наше государство стало вторым домом для сотен тысяч вынужденных переселенцев, которым был присвоен ярлык «неблагонадежных». Однако народ Казахстана, едва оправившийся после страшного голода начала 1930-х годов, гостеприимно распахнул перед ними двери, дал пищу и крышу над головой...

Сухая статистика официальных документов потрясает. В 1937 году в Казахстан и Среднюю Азию было выслано корейское население, в это же время с южных границ СССР в нашу страну были высланы курды, армяне и турки. В 1940-1941 годах – высланы поляки и немцы Поволжья. В 1943-1944 годах в Казахстан были высланы представители народов Северного Кавказа: калмыки, балкарцы, чеченцы, ингуши, карачаевцы, турки-месхетинцы. Судьба переселенцев была трагичной. Немалое их число, особенно женщин, детей и стариков, погибло еще в пути. Совершенно иные климатические условия ждали их и в местах нового расселения — жаркое сухое лето и морозная зима.

Всего за 1937–1944 годы в Казахстан было депортировано свыше 1 миллиона 200 тысяч человек, а вместе с эвакуированными – на пол-миллиона больше. По существу, каждый пятый в республике был спецпереселенцем. Многие десятки тысяч человек погибли в первые месяцы после депортации от голода и болезни, выжившие были направлены на принудительные работы. Им запрещалось покидать новое место жительства, это рассматривалось как побег и несло за собой уголовную ответственность. Спецпереселенцы были обязаны в трехдневный срок сообщать в НКВД обо всех изменениях, произошедших в составе семьи (рождение ребенка, смерть члена семьи или побег). Трудно было бы выжить в условиях сильнейшего морального надлома и физических тягот, если бы не поддержка и сочувствие местного населения.

Казахский народ тепло и гостеприимно встретил переселенцев. Сулим Исакиев попал в

Караганду в пятилетнем возрасте. Мало что помнит о том времени: костры на станциях, холод, голод, теснота землянки. Но было и хорошее: взаимопомощь и взаимовыручка, доброжелательное отношение коренного населения. Казахи помогали депортированным чем могли, несмотря на разные специально распускавшиеся страшные слухи о вайнахах. Харону Кутаеву в год депортации было немногим больше 6 лет. Его за руку держала тетя, сестра его отца. Много им пришлось вынести, и за то, что выжили, Харон бесконечно благодарен казахскому народу. Он рассказывал: «В одной квартире нас жили несколько семей разных национальностей, в том числе и казахи. Глава этой семьи, уходя на работу, говорил своей жене: «Если есть у тебя один баурсак - дели его на четыре части, чтобы всем было по кусочку».

Серик Ильясов, вспоминает, как во дворах его родного села Майбалык в Петропавловской области дети разных национальностей молили зерно каменными ручными жерновами, а потом казахские бабушки пекли из муки баурсаки, чеченские женщины - белиш, выносили ирмшик и курт и все это раздавали детям. А взрослые работали в шахтах и на полях. Дважды Герой Советского Союза, летчик-космонавт СССР В.А.Шаталов писал в своих воспоминаниях: «От чистого сердца, всю жизнь буду благодарен земле Казахстана. В трудные военные годы казахский народ заботился обо мне как о родном сыне». Извечную благодарность к казахстанскому народу питал и ныне известный писатель Герольд Бельгер, который жил в немецкой семье в ауле близ реки Есиль в Северном Казахстане. Его плодотворная публицистика в основном и посвящена щедрой и гостеприимной казахской земле, а также проживающим здесь людям.

В свою очередь, спецпереселенцы также не оставались в долгу, честно, добросовестно трудились, оказывали значительную помощь в развитии государства. Они стали инженерами, техниками, медработниками, учителями, агрономами, трудились на заводах и шахтах, выращивали хлеб.

Процесс реабилитации депортированных народов начался со второй половины 1950-х годов. Чеченцы, ингуши, балкарцы, карачаевцы, калмыки и другие народы получили возможность вернуться на свою историческую

родину. Однако многие из них продолжают проживать в Казахстане и поныне. Именно поэтому современный Казахстан можно по праву назвать многонациональным государством, в настоящее время здесь отмечено порядка 130 этносов, которые сосуществуют в мире и согласии.

Нашей стране удалось избежать кровопролитных межэтнических конфликтов, которые раздирали некоторые страны СНГ в период наступивший после развала Советского Союза. С момента провозглашения Независимости РК правовую основу этнонациональной политики в Казахстане составляет совокупность законодательных норм и актов — прежде всего Конституция РК, согласно которой неконституционными признаются любые действия, способные нарушить межэтническое согласие. Прежде всего этнонациональная политика страны базируется на принципах верховенства закона и разумного сочетания коллективных прав этносов и индивидуальных прав человека. Важнейшую роль в сфере обеспечения межэтнической стабильности играют государственные программы, инициированные Главой государства. Это и «Концепция укрепления и развития казахстанской идентичности и единства», и общенациональная идея «Мәңгілік ел», и концепция нового казахстанского патриотизма, а также программа модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру». Все они направлены в первую очередь на укрепление монолитности современного казахстанского общества и подразумевают преданность Родине, уважение к своим предкам, любовь и проявление терпимости к своим землякам, создание системы нравственных ценностей, в основе которой будут лежать такие качества, как трудолюбие, честь, порядочность, милосердие, стремление к постоянному самосовершенствованию и обучению, дисциплина.

В Казахстане был создан уникальный и эффективный механизм реализации национальной политики и межнационального диалога в лице Ассамблеи народов Казахстана, который стал консультативно-совещательным органом при Главе государств, а позже стал конституционным органом. Еще через некоторое время Ассамблея была переименована в Ассамблею народа Казахстана, что лишнее раз подчеркнуло общность всего многонационального состава страны.

Благодаря ее деятельности, повсеместно идет процесс культурного возрождения многонациональности, и Ассамблея обеспечивает их всеобъемлющий диалог. Сегодня этот опыт перенимают некоторые соседними странами. Идет активная работа по возрождению и развитию культур этнических меньшинств: регулярно проводятся фестивали народного творчества, языков народов Казахстана, День единства народов Казахстана, дни памяти жертв политических репрессий, духовного единства и согласия. Кроме того, каждый этнос имеет свои традиционные праздники, возрожденные за годы Независимости страны и отмечаются они обязательно все вместе: за единым столом собираются представители разных национальностей.

Под эгидой Ассамблеи проводится сбалансированная языковая политика, и Казахстан, один из немногих, разрешил эти проблемы без острых конфликтов и потрясений. Идет естественный процесс овладения государственным языком гражданами страны, особенно молодежью. Языковое богатство Казахстана обогащает общеказахстанскую культуру и выступает важным фактором укрепления единства. Более того, представители научной и культурной интеллигенции страны поддержали инициативу Нурсултана Назарбаева о переходе на латинский алфавит, что призвано еще более сблизить наше молодое государство со странами остального мирового сообщества. Обеспечиваются духовное возрождение страны и, самое важное, межконфессиональное согласие и толерантность.

Нам есть чем гордиться и что защищать. Наша дружба, единство, стабильность стали мировыми эталонами. Астана признана духовной столицей мира. Наше новое поколение в будущем обязательно станет высокоинтеллектуальной нацией, а для этого оно должно осознать суть казахстанского патриотизма – стать конкурентоспособной во имя своей страны. Но главное, всем надо помнить - наши дети будут относиться к Родине, ее Независимости, так, как относимся к ней мы. Как сказал наш Первый Президент Нурсултан Назарбаев: «Быть патриотом своей Родины - это носить Казахстан в своем сердце».

Б. Курмангожин,  
специалист по религии



Сынып жетекшісінің мінбері

Ғасыр дертімен күрес

## КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ

Бар өмірінді қамтитын, болашақтағы күн-көрісің мен тіршілігіңнің тынысы – мамандық пен кәсіп таңдаудың оңай жұмыс еместігін, мамандықты бойдағы темпераментке сай таңдау керектігін балаларға жас кезіңнен-ақ айтып отырудың маңызы зор. Қазір мектеп түлектері ҰБТ сынағын бітіріп болғасын ғана оқу орны мен мамандықтарын қызуға таңдауға кірісіп кететінін көзіміз көріп жүр. Біздің бүгінгі әңгімеміз мамандық таңдауда ойланпай жүрген түлектерге ғана емес, жұмысы бар маман иелеріне де қатысты. Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Даңқты батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы: «Адам үш түрлі жағдайда қателеспей керек: бірінші – жол таңдағанда, екіншісі – мамандық таңдағанда, үшінші – жар таңдағанда», деп бекер айтпаса керек. Есте жоқ ескі заманда мамандықтың қазіргідей түр-түрі болмады.

Әр адам барлық жұмыспен өзі ғана айналысатын. Дегенмен, әйелдер мен ерлерге деп бөлінетін жұмыстар болған. Ерлер аң аулап, үй тұрғызып, қару-жарақ жасаса, әйелдер жеуге жарамды өсімдіктерді жинап, тамақ пісірген, киім-кешек тігіп, бала тәрбиелеген. Заман өзгерген сайын, адам да жетіліп, нарықтық қарым-қатынас пайда болды. Қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыстар, сәйкесінше, түрлі мамандықтар келді. Кез-келген еңбек мамандық емес. Еңбектің мамандық деп аталуының өзіндік шарттары бар: бірі – маман атануың үшін білім алып, қолыңызға сол саланың дипломың, куәлігің, аттестаты не сертификатын алуың керек болса, екіншісі – еңбегіңізге ақының төленуі қажеттілігі. Өзіңнің нағыз маманы атану екінің біріншісіне бұйырмаған. Ол үшін ең алдымен мамандығыңызға деген махаббат керек. Махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Екінші сөзбен айтқанда, мамандығыңыз сіздің сүйікті ісіңізге айналуы қажет. Бұл жағдайда адам жұмысына ерекше құлшыныспен кірісіп, жұмысынан ләззат алады.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей таңдауға мүмкіндік жасайды. Әрбір оқушының жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін, шеберлігін, қызығушылығын ескеріп бағыт-бағдар, жеке дара мамандықтар туралы терең білім беру – біздің басты міндетіміз. Ал мектебінде қанша оқушы болса сонша оқушының жеке-жеке қабілетін, бейімділігін анықтап, бағыт беріп отыру, мамандықты дұрыс таңдауға жол сілтеу – сынып жетекшісі үшін үлкен мәселе. Бұл жерде сынып жетекшісінің де қарым-қабілеті, мамандығындағы іс тәжірибесі мен біліктілігі, айтарын балаларға ұғынықты тілде жеткізе білу шеберлігі секілді қасиеттердің болуы басты роль ойнайды.

Кәсіптік бағыттылықты қалыптастырудың адами алғышарттары жоғары сыныптарда қалыптасады, бұл кезеңде оқушыларда

танымдық қызығушылық дамиды, жеке мәнді мақсат қоя білу талабы, кәсіби мүдде пайда болады. Алайда, жалпы практика талдауы көрсетіп отырғандай, көптеген мектеп түлектері өзін-өзі және таңдаған мамандығын нашар біледі. Осы мақсатта оқушыға практика жөнінде, көзбен көріп, сол мамандықпен жақынырақ танысу, мамандықтың немесе кәсіптің ішкі сарайына үңілуі керек деп ойлаймын. Ол үшін қаламыздың жеке кәсіпкерлерімен, түрлі мамандық иелерімен кездесіп, жеке тұлғаның барлық қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашып, олардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдап алуына сынып жетекшілер көмек көрсетуі тиіс. Осы мақсатта № 2 жалпы білім беретін мектептегі өзім жетекшілік ететін 11 «Б» сынып оқушыларын қаламыздың жеке кәсіпкерлерімен кездестіріп, мамандықтың қызығы мен қиындығы туралы ақпаратты жеке кәсіпкерлердің өз ауыздарынан естіп қайттық.



Біздің алғашқы сапарымыз кәсіпкер Наргиза Ергешова ашқан көлік дөңгелектеріне қызмет көрсететін шеберханадан басталды. Қаланың жүргізушілері көбірек баратын бұл орынды біз әдейі таңдадық. Көлік иелері қай шеберханада жақсы да, сапалы қызмет көрсетілетінін көбірек біледі. Себебі олар төлеген ақысының қайтымы болуын қалайтыны хақ. Мұнда оқушылар шебердің көлік дөңгелектеріне қызмет көрсету, дөңгелекті шешіп алып, оның резинасынан ажырату, желімдеу, қайта орнына салуға дейінгі процестерді бақылады, өз көздерімен көрді, түйсінді және әркім халқадерінше қабылдады. Егер осы іске икемі бар, қызыққан ер балалар болса, болашақта табыс көзі болатын әрі адал кәсіпке баруға ниет ететіні анық.

Ұзақ жылдық әскери салаға бейімделген тарихы бар қаламызда әуе қорғаныс күштерінің бай тарихи музейі бар. Мұнда қала мен әскери әуе қорғаныс саласының жарты ғасырдан астам кезеңдегі өмірбаяны мен толық тарихы сақталған. Сондықтан оқушылармен бірге екінші сапарымыз осы жерде жалғасты. Музей қызметкерінің түсіндіруімен бұл жерден де әсерлі әрі пайдалы ақпараттар алдық. Бұндай мамандық таңдау немесе кәсіпке баулуға бағытталған сапарымызда алдағы уақытта қалалық ауруханада, өрт сөндіру бөлімінде жалғастыруды мақсат етіп отырмыз.

Еңлік ЖАБАҒИЕВА,  
11 «Б» сынып жетекшісі.  
Суретте: кәсіпкер шеберханасында.

## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ІС-ШАРАЛАРЫ

Қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани-мәдени, құқықтық салаларының дамуына барынша кедергі жасайтын қауіпті құбылыстардың бірі – сыбайлас жемқорлық.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатағыны анық.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу жұмыстарын жүйелі жүргізуге серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуға жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Жекелеп алғанда Қазақстанның қаржы саласы бойынша Мемлекеттік кірістер комитеті мен барлық бизнес өкілдерінің «Салықтөлеуші кабинеті» интегралды ақпараттық жүйесіне өтуі бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді.

Қазіргі уақытта «Салықтөлеуші кабинеті» жана ақпараттық жүйесіне жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар толықтай көшіп жұмыс атқарып отыр. Соның арқасында бизнес өкілдерімен Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының мамандары арасында қарым-қатынастар азайып отыр, бұл да жемқорлық фактілерінің болдырмау мақсаттарының бірі деп айта кетуге болады.

Және де ара қашықтықта қызмет көрсету арқасында салық органдарының жұмыс сапасы жоғарылап, кәсіпкерлердің қағаз, уақыт

және көліктік шығындары қысқарды.

«Салықтөлеуші кабинеті» жүйесін енгізу салықтық есептілікті енгізу, өңдеу, орындау рәсімдерінің айқындығын жоғарылатады.

Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан жемқорлықтың алдын алу бойынша тұрақты түрде жұмыс атқарылуда, басқарма қызметкерлерімен бірге семинарлар, техникалық оқытулар тұрақты түрде өткізіліп отырады.

Сонымен қатар, басқарма ғимаратында азаматтардың өтініштеріне және арыздарына арналған жәшік орналыстырып, сенім телефоны (телефон нөмірі 8(71039) 7-00-46) қызмет жасауда.

Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті, кәсіби даярлықты және білім деңгейін үнемі көтермелеуді талап етеді.

Барлық мемлекеттік қызметшілер жыл сайын жеке табысы мен мүлкі туралы декларацияларын белгіленген уақытта тапсырып отырады.

Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында мамандардың кәсіби деңгейлерін арттыру мақсатында тиісті нормативтік құқықтық актілерді, оларға келген өзгерістер мен қосымшаларды оқу жұмыстарына ала қойылған.

Барлық қызметшілер біліктіліктерін көтеру курстарынан өткен.

Осылайша біздің ұжым сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте табандылық көрсетіп, еліміздің гүлдену жолында өзіне жүктелген барлық міндеттердің абыроймен атқарылуына бар күшін салмақ.

Б. Дүйсенов,  
Приозерск қаласы бойынша МКБ  
басшысы

**Коррупция – нет!**

## В КАЗАХСТАНЕ ВЕДЕТСЯ ЭФФЕКТИВНАЯ БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ

Одной из приоритетных задач построения демократического общества на сегодняшний день является борьба с коррупцией.

Необходима разработка, постоянное применение и использование в средствах массовой информации индексов уровня коррупции, позволяющих сравнивать между собой регионы, отрасли, ведомства. Также, необходимо более эффективно использовать тесное сотрудничество государственных и правоохранительных органов со средствами массовой информации, повышение авторитета и роли правоохранительных органов через средства массовой информации, воспитание посредством широкой пропаганды чувства законопослушания граждан, нетерпимости к нарушителям законов, в том числе и к коррупционерам.

В рамках реализации комплексной программы борьбы с коррупцией в Республике Казахстан осуществляется постепенная децентрализация функций центральных государственных органов с поэтапной передачей части их функций в регионы и частный сектор, сокращается сфера монопольной деятельности, внедряется принцип «одного окна» при обслуживании населения. Обеспечены прозрачность и объективность процедур конкурсного отбора государственных служащих, соблюдение ограничений, связанных с их статусом, внедряются принципы приема и продвижения кадров, основанные на деловых качествах и профессионализме. Законодательно закреплены нормы, запрещающие поступление на государственную службу лиц,

ранее совершивших коррупционные преступления, внедрен институт ротации политических государственных служащих. Особую значимость приобретает завершение начатых по инициативе Главы государства административной и конституционной реформ. В рамках реализации Государственной программы формирования «электронного правительства» в Республике Казахстан на 2005-2007 годы созданы предпосылки для внедрения единой информационной системы, которая позволит сократить количество непосредственных контактов организаций и населения с государственными служащими. Планово и систематически в рамках специальной программы осуществляется работа по противодействию «теневой экономике». Коррупция препятствует развитию экономики и способствует росту организованной преступности, особенно в сфере экономики. Эффективная борьба с коррупцией возможна только при активном участии в ней самих граждан.

Актуальность борьбы с коррупцией заключается в том, что она должна носить комплексный характер. Необходимы консолидированные усилия не только государства, но и всего гражданского общества во всех регионах страны. Результат будет, когда борьба с коррупцией, во-первых, станет постоянной и ослабевающей функцией государства, во-вторых - предметом неусыпного и бдительного контроля со стороны общества.

А. Жилибокова,  
главный специалист отдела налогового  
контроля УГД по г.Приозерск

### ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЕ

**Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!**

2018 жылдың 19 желтоқсанда «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ғимаратында (Балқаш к.,5 үй, 101 кабинет) сағ.10.00 - 18.30-ге дейін «Ашық есік күні» өтеді.

Қабылдауды «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы жүргізеді.

\*\*\*

**Уважаемые жители города Приозерск!**

19 декабря 2018 года с 10.00 до 18.30 ч. в здании ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» (ул.Балхашская 5, 101 кабинет) пройдет «День открытых дверей».

Прием будет вести руководитель ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан  
Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: prz\_westnik@mail.ru Вэб-сайт: www.prio-vestnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 50/590. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.